

**Академик. Ш. Есенов атын. ғылыми білім беру қорының  
«Yessenov Data Lab» жазғы мектебі» бағдарламасының ережесі**

### **I Жалпы ережелер**

1.1. Бұдан әрі Қор деп аталатын академик Ш. Есенов атындағы ғылыми білім беру қорының «Yessenov Data Lab жазғы мектебі» (бұдан әрі – «Бағдарлама») бұл – қазақстандық жас ғалымдардың алған білімдерін әрі қарай қолдану үшін, үлкен деректерді талдаудың базалық дағдыларына нақты практикалық жұмыстарда үйрету, сондай-ақ олардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған 5 апталық интенсив.

1.2. Бағдарламаның мақсаты – осы бағытта одан әрі дербес дамуда қажет болатын математика негіздерін оқытуды назарға ала отырып, жас ғалымдардың үлкен деректермен жұмыс жасау саласындағы дағдыларын дамыту. Сондай-ақ, жас ғалымдардың академиялық емес (коммуникативті) дағдыларын және көшбасшылық қасиеттерін дамыту.

1.3. Ережеде «демеушілік көмек» деген ұғым Бағдарламаны өткізу кезеңінде Алматыдан тыс жерде тұратын Бағдарлама жеңімпаздарын Қазақстанның ішінде Алматы қаласына дейін және кері ұшақпен ұшумен, тұрумен және тамақтанумен немесе ақшалай баламамен толықтай қаржылай қолдау болып табылады. Жеңімпаздар үшін бағдарламаға қатысу тегін. **Жыл сайын үміткерлер қатарынан Конкурстың 20 (жиырма) жеңімпазы іріктеліп алынады.** Конкурс жеңімпаздарының саны келіп түскен өтінімдердің саны мен сапасына байланысты көбейтілуі немесе азайтылуы мүмкін.

1.4. Жеңімпаздар ашық конкурс барысында іріктеледі. Конкурс кемінде жылына бір рет өткізіледі.

1.5. **Бағдарлама 2020 жылғы 15 маусымнан бастап 17 шілдеге дейін 5 апта бойы үлкен дектермен жұмыс жасауды үйретуді және де академиялық емес (коммуникативті) дағдыларды және көшбасшылық қасиеттерді дамытуды ұйғарады.** Оқыту тілі: орыс, техникалық ағылшын тілі элементтерін пайдаланылуы мүмкін.

### **II Бағдарлама қатысушыларына қойылатын талаптар**

2.1. Бағдарлама қатысушылары Қазақстан Республикасының азаматтары:

- Қазақстандық жоо техникалық және жаратылыстану-ғылыми салаларында білім алып жатқан бакалавриат, магистратура немесе докторантура студенттері;
- жұмыс істеп жатқан ғылыми қызметкерлер.

2.2. Ізденушілер жоғары зияткерлік әлеуетке, кәсіби дағдылардың кең спектріне, мақсаттылыққа, нәтижелілікке бағыттылыққа, бейімделу шеберлігіне ие болуы тиіс.

2.3. Ізденуші өзінің белсенді кәсіби, ғылыми, қоғамдық қызметін, кәсіби дағдыларының төменде көрсетілген талаптарға сәйкестігін мәлімдеп, құжатпен растауы тиіс

### **Үміткерге қойылатын талаптар:**

- 1) Мықты аналитикалық қабілеттіліктер;
- 2) Үміткердің тиісті ғылыми салада қызығушылықтарының болуы – жеке ғылыми мақалалары, қандай да бір зерттеулердің нәтижелері және т.б. құжаттармен растау;
- 3) Үміткер Қазақстанда ғылыми қызметпен айналысуға деген қызығушылығы мен ықыласын көрсетуі тиіс;
- 4) Статистика және сызықтық алгебра негіздерін білу;
- 5) Мыналар басымдылық болады:
  - Бағдарламалау білімі;
  - Бағдарламалау бойынша курсты бітіру туралы сертификаттардың немесе информатика немесе басқа да техникалық мамандық бойынша (математика, физика, инженерлік іс) бакалавр дипломының бар болуы;
  - Ағылшын тілін Intermediate деңгейінде (6.5 IELTS/ 90 TOEFL ibt немесе тіл меңгеруінің басқа дәлелі) және одан жоғары меңгеру.

### **III Конкурстық іріктеу кезеңдері**

3.1. Конкурс 3 іріктеу кезеңін ұйғарады, әр кезең аяқталған соң үздік үміткерлер іріктеліп алынады. Ашық конкурс туралы хабарландыру Қордың [yessenovfoundation.org](http://yessenovfoundation.org) сайтында, әлеуметтік желілерде жарияланады.

3.2. **Бірінші тур** – өтінімдерді қабылдау және бағалау.

3.2.1. Кандидат Қорға **2020 ж. 24 ақпан мен 15 наурыз аралығында** белгіленген нысандағы өтінімді ұсынады. Ізденуші өтінімге мыналарды қоса беруі тиіс:

1. Жеке куәліктің көшірмесі;
2. Транскрипт (барлық семестр) және бағалары бар бакалавриат бітіргені туралы дипломның көшірмесі (магистранттар мен мамандар үшін);
3. "Мен деректерді талдауды үйренгім келеді..." тақырыбына эссе (кемінде 7 сөйлем және 2 беттен артық емес);
4. Түйіндеме;
5. Ғылыми зерттеулер саласындағы үміткердің жетістіктерін және/немесе нақты ғылыми саладағы мүдделерін білдіретін Портфолио және тиісті растауларды ұсыну:
  - жеке ғылыми мақалалар, материалдар, қандай да бір зерттеулердің нәтижелері, және басқалар;
6. Ағылшын тілін меңгергендігін растайтын Сертификат (бар болған жағдайда).

3.2.2. Құжаттардың барлық пакетімен Қордың [info@yessenovfoundation.org](mailto:info@yessenovfoundation.org) сайтында онлайн-өтінім беру қажет.

3.2.3. Ізденуші Конкурсқа құжаттарды ұсыну арқылы бағдарламаның мақсаттарымен өзінің көзқарасының екенін және конкурстың осы Ережедегі барлық талаптарымен келісетінін және оларды толықтай орындауға әзір екенін растайды. Кандидаттар құжаттарды қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде бере алады.

3.2.4. Өтінімдерді Қордың қызметкері тіркейді. Өтінім мен құжаттардың толымдылығы және ізденушінің формалды критерийлерге сәйкестігі тексерілген соң конкурсқа қатысуға рұқсат ету/рұқсат етпеу туралы шешім қабылданады. Рұқсат ету/рұқсат етпеу туралы шешімдер ізденушіге тек өтінімде көрсетілген электрондық мекенжайға ғана хабарланады. Бағдарламаның жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

3.2.5. Мерзімінде түскен барлық өтінімдер **2020 ж. 16-сы мен 30 наурыз аралығында** қор қызметкерлерімен және тәуелсіз сарапшылармен рецензияланады және бағаланады.

3.2.6. Екінші турға өткен тізімдер Қордың сайтында жарияланады. Конкурстың бірінші туры аяқталған соң ең көбі 60 кандидат іріктеледі.

3.3. **Екінші тур** – тестілеу;

3.3.1. Математика мен логикадан тестілеу;

3.3.2. 60 минутқа 30 сұрақ беріледі, тестілеу онлайн түрде өтеді;

3.3.3. Деректерді талдау емтиханы;

3.3.4. Регрессияға оңай тапсырма беріледі;

3.3.5. Қатысушылар орташа квадраттық қате бойынша сараланады;

3.3.6. Қатысушылардың жеке психологиялық құралдарын тестілеу.

3.3.7. Екінші тур **2020 ж. 31 наурыз бен 15 сәуір аралығында** өткізіледі. Емтихан барысында әрбір кандидаттың аналитика дағдылары бағаланады.

3.3.8. Тестілеуді сәтті тапсыру үшін кандидатқа келесі тақырыптар бойынша базалық білімдерге ие болу қажет:

1. Матрицалар, сызықтық теңдіктер
2. Графалар (математика)
3. Сызықтық регрессия, орташа мәндер, медианалар
4. Функция графиктерін құрастыру
5. Ауыспалы шамалар, циклдар, шарттар (кез келген бағдарламалау тілінде)
6. Статистика мен ықтималдықтар теориясының базалық білімдері – ықтималдықтар теориясы, кездейсоқ шама, мат. болжал, ковариация, қалыпты үлестірім.

3.3.9. Үшінші турға өткен тізімдер Қордың сайтында жарияланады. Екінші тур қорытындылары бойынша ең көбі 40 кандидат іріктеледі.

3.4. **Үшінші тур** – сұхбаттасу.

3.4.1. Үшінші тур **2020 ж. сәуір айының 16 мен 22** аралығында өткізіледі.

3.4.2. Үшінші турдың қатысушылары сұхбаттасуға көзбе-көз немесе онлайн режимінде өтетін сараптамалық кеңесімен сұхбаттасуға шақырылады. Сұхбаттасу барысында тәуелсіз бағалаушылар мынаны бағалайды:

- аналитикалық қабілеттіліктер;
- кандидаттардың кәсіби қасиеттері;
- бағдарламалау дағдылары мен тәжірибесі (бар болған жағдайда);

- тұлғалық қасиеттер;
- тағы басқа.

3.4.3. Жеңімпазды анықтау кезінде келесі қасиеттер есепке алынатын болады:

- жоғары зияткерлік әлеует;
- өзіндік кәсіби дағдыларды дамытуға тұрақты ұмтылыс;
- қоғамдық өмірге белсенді қатысу және тағы басқа.

3.4.4. Қор **2020 ж. 30 сәуірге дейін** қорытынды шешім қабылдайды. Конкурс жеңімпаздарының тізімі Қордың сайтында жарияланады. Үшінші тур нәтижелері жеңімпаздарға электрондық пошта арқылы хабарланады.

3.5. Конкурсты өткізу үшін жоғарыда сипатталған конкурстың үш турының нәтижелері бойынша қатысушылардың іріктемесін жүзеге асыратын Сараптамалық кеңес жасалады. Сараптамалық кеңестің шешімі Қамқоршылық кеңестің қарауына беріледі.

3.6. Қамқоршылық кеңестің шешімі Қордың ресми куәландырылған Бағдарлама жеңімпаздарының тізімі түріндегі бұйрығымен бекітіледі.

#### **IV Демеушілік көмекті тағайындау тәртібі**

4.1. Демеушілік көмек үздік қатысушылар санынан **20 (жиырма) жеңімпазға** тағайындалады. Конкурс жеңімпаздарының саны келіп түскен өтінімнің саны мен сапасына байланысты көбейтілуі немесе азайтылуы мүмкін.

4.2. Конкурстық іріктеме қорытындылары бойынша жеңімпаздар **2020 ж. 15 маусымнан бастап 17 шілдеге дейін** Yessenov Data Lab жазғы мектебінде ақысыз негізде 5-апталық оқытудан өтеді. Жазғы мектепті өткізу мерзімдері 14 күнтізбелік күннен асырмай өзгертілуі мүмкін. Оқыту тілі: орыс, техникалық ағылшын тілі пайдаланылуы мүмкін.

4.3. Алматы қаласынан тыс жерде тұратын жеңімпаздарға қор Қазақстан ішінде Алматы қаласына дейін және кері авиа ұшуға шығыстардың орнын толтыру үшін демеушілік көмек ұсынады, олардың Бағдарламаны өткізу кезеңіне тұруын және тамақтануын немесе ақшалай баламаны қамтамасыз етеді. Қор бағдарламаның демеушілік көмек ұсынылған жеңімпаздарының тұру орнын өздігінен таңдау құқығын өзінде сақтап қалады.

4.4. Yessenov Data Lab жазғы мектебінде оқытудан өту басталмас бұрын Қор мен жеңімпаз арасында демеушілік көмек туралы шарт жасалады. Шартқа Қор мен жеңімпаз арасында қол жеткізілген қосымша уағдаластықтар кіруі мүмкін.

4.5. Қор қосымша келісім бойынша өзге преференцияларды, оның ішінде онлайн курстарда оқытуды, конференцияларға, іскерлік келіссөздерге және т.б. қатысуды ұсынуға құқылы.

#### **V Қосымша ақпарат**

Сұрақтар туындаған жағдайда келесі байланыс ақпараты бойынша жүгінуге болады:

<b>Сұрақтар</b>	<b>Байланысушы тұлға</b>	<b>Байланыс ақпараты</b>
Конкурстық іріктеу: <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Бірінші тур: өтінімдерді қабылдау</li> <li>▪ Екінші тур: өткізу локациясы</li> <li>▪ Үшінші тур: сұхбаттасуды жүргізу</li> </ul> Алматыдан тыс жерде тұратын бағдарлама қатысушыларына демеушілік көмек көрсету	Тоқтар Ескендіров	+7 (727) 346-92-88 <a href="mailto:toktar.y@yessenovfoundation.org">toktar.y@yessenovfoundation.org</a>
Екінші тур: емтихан элементтері	Тоқтар Ескендіров	+7 (727) 346-92-88 <a href="mailto:toktar.y@yessenovfoundation.org">toktar.y@yessenovfoundation.org</a>